

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Құрман орта мектебінің
2022-2023 оқу жылындағы эстрада үйірмесінің жұмысына талдау

Мектеп атауы: «Құрман орта мектебі»КММ

Жетекшінің аты-жөні: Кубенова Жанар Жанузаковна

Білімі: Арнаулы орта

Мамандығы: Ұйымдастырушы және қазақ оркестрінің жетекшісі

Еңбек өтілі -2 жыл үйірме бойынша

Жылдық жүктемесі- 0,5

Үйірменің мақсаты: Ансамбльмен ән айту мәдениетінің негізін оқушыларға ұйымдастыру, теориялық білімдер жүйесі мен практикалық ептілік және ансамбль дағдысымен жұмыс істеу.

Құрман орта мектебінде Эстрада үйірмесінің 2022-2023 оқу жылына жылдық жұмыс жоспары жасалды. Жыл басында үйірмеге 24 оқушы алынды. Үйірмедегі оқушылардың жас ерекшеліктері әртүрлі болғандықтан, ересек және кіші топ болып, 2 топқа бөлініп, екі бөлек жоспар жасалынды. Үйірме оқушылары мектепшілік шараларға белсенділікпен қатысып жүр. Атап айтар болсақ үйірмеге қатысушы оқушылар, 2 ші қазан ұстаздар күніне арналған «Жадымда тұрар жаңғырып» атты қарт ұстаздармен және мектеп ұстаздарымен кездесу кешіне қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Кештің мақсаты: Қарт ұстаздар мен мектеп ұстаздарын мерекемен құттықтай отырып, құрмет көрсету.



Сонымен қатар Республика күніне орай «Тәуелсіздік болашағым» атты челленджге және ауыл мәдениет үйіндегі мерекелік концертке қатысты.



Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған «Біз бақытты баламыз» концерті өткізілді. Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, әндерді нақышына келтіре айтуды үйрету. Бір-бірін сыйлауға адамгершілік қасиеттерін жоғатпай ұстауға жетелеу. Концертке барлық үйірме оқушылары қатысып, концерт өз дәрежесінде өтті.



Каникул кезіндегі жоспар бойынша, оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында «Өуенді тап» ойыны өткізілді. Ойын барысында жақсы нәтиже көрсеткен топтар мақтау қағазымен марапатталды.



1-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша үйірме оқушыларының қорытынды концерті ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу және жарты жылдық бойынша үйренген әндері мен шығармаларын сахнада көрсету.



Қазіргі уақытта үйірмеге қатысушы оқушылар көптеген әндерді меңгерді. Және мектепте болып жатқан барлық шараларда, класс сағаттарында, өз өнерлерін көрсетіп, сахнаға шығып жүр. Атап көрсетер болсақ:

Әкелер кеңесінің ұйымдастыруымен өткен волейболдан жарыста өнер көрсетті.



8- наурыз мерекесі қарсаңында өткізілген «Қыз еркем кестесімен көркем» сайысында өз өнерлерін көрсетті.



8- наурыз мерекесіне Ұстаздарды құттықтау концертін ұйымдастырдық. Мақсаты: Ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылар бойына дарыту, 8- наурыз халықаралық аналар күнімен ұстаздарды құттықтау,



«Қош келдің, Әз Наурыз» атты мерекелік шарада эстрада үйірмесінің мүшелері өз өнерлерін көрсетті.



«Әке жолы- ізгілік жолы» атты аудандық семинарда да қатысып, ән шырқады



Сонымен қатар 9- мамыр Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай, «Біз Жеңістің мұрагерлеріміз» патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Өз елін, жерін, Отанын сүйуге, қадірлеге тәрбиелеу. Патриоттық әндерді орындау шеберлігін арттыру. Байқауға екі топтан да оқушылар қатысып, орындар алды



Жылдық қорытынды бойынша , Бала жылына байланысты аудан көлемінде өткізілген «Бала дауысы-2022» байқауына Орынбасар Бекасыл Артекулқы қатысып, эстрадалық вокаль номинациясы бойынша III- дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қашықтықтан өткізілген «Жұлдызай» халықаралық балалар шығармашылығы фестивалі байқауының облыстық кезеңіне Отарова Айсәуле қатысып, II- дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Фариза, Фаризажан, Фариза қыз» атты Республикалық Фариза Оңғарсынованың өлеңдеріне жазылған әндерден Балалармен жасөспірімдер арасындағы өнер байқауына «Вокаль» номинациясы бойынша Бағланқызы Жанель қатысып, III – орын жүлдегері атанды. Және осы байқауға қатыстырып, жас ұрпақты өнерге баулуға қосқан үлесіме Құрмет грамотасымен марапатталдым.



Жыл соңында «Білім алушылардың вокальдық-сахналық дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында 80 сағаттық біліктілік арттыру курсынан өттім.

